


*Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі*

№11 2019


*Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий*



Баймұхаметов Айгиз Тастамашы, ана! /Хикаяттар. Аударған Саят Қамшыгер. - Алматы: «Кітап» баспасы, 2019. - 320 б.

Айгиз Баймұхаметов - жас жазушы, Башқұртстан және Ресей Жазушылар одақтарының мүшесі, Шайхзада Бабиц атындағы Мемлекеттік республикалық жастар сыйлығының лауреаты. Уфа қаласында тұратын жазушы бұл кітабында ата-анасынан айырылған жетім балалардың аянышты тағдырын баяндайды. Автор өзі тәрбиеленген балалар үйіндегі ұл-қыздардың қиын тағдырларын қарапайым, оқырманға түсінікті тілде суреттейді.


Қазақ тіліне аударылған бұл шығарма Саят Қамшыгердің қаламынан қазақ қоғамының жүрегінен ерекше орын алатын түсінігі жетік, тілі орамды туынды болған.



Нұржеке-ұлы Бексұлтан Қазақ тарихынан /Бексұлтан Нұржеке-ұлы - Алматы: «Жалын баспасы», 2019 ж. - 672 бет.

Бұл жинаққа жазушының әр жылдарда қазақ халқының әрқыйлы тарихына қатысты жазған мақалалары мен зерттеулері жинақталды. Ол шығармаларда қазақ халқының рулық, тайпалық кезеңдері кезеңінен тартып, бүгінгі тәуелсіздік алған күндерімізді де қамтиды.

Шетелдік кейбір тарихшылардың айтып, жазып жүрген түйінділерін құптамай, сақ, құн, үйсін, қаңлы, түрік алтын орда мемлекеттерін түгелдей бүгінгі қазақ халқының арғы аталары, бабалары деген қорытындыға келеді. Ол пікіріне дәлел етіп, қытай Геродот тарихын және қазақтың өз Ата-шежіресін салыстыра отырып, тұжырымдайды.



Досмұхамедұлы Х.

Адамның тән тірлігі /Құраст. проф. Ғ.Әнес. - Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2019. - 320 бет.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының көсемі, профессор Халел Досмұхамедұлының (1883-1939) «Адамның тән тірлігі» атты оқулығы ХХ ғасырдың басында араб тілінде жарық көрген ғылыми-педагогикалық мұралардың бірегейі. Араға ғасыр салып қайтадан ортамызға оралған, төлтума анатомия ғылымымыздың бастау-көзінде тұрған, әлі де өзіндік ғылыми және танымдық мән-мағынасын жоймаған бұл алғашқы қазақ оқулығы бүгінгі жоғары мемлекеттік мәртебеге ие тіліміздегі адамның тән тірлігіне қатысты пән сөздердің қалыптасу тарихын ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге жаңа терминдердің пайда болуына да негіз болары сөзсіз.



Естенов А. Көне кенттер күмбірі: балаларға арналған өлеңдер мен жұмбақтар /А. Естенов. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. - 160 б.

Кітап «Өлкетану мектебі», «Табиғаттану мектебі», «Салауаттану мектебі», «Ой ұшқырлау мектебі» аталатын төрт бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде оқушылар орта ғасыр қойнауына «саяхаттап», Аспара, Баласағұн, Қарнак, Сарайшық, Сығанақ сынды көне кенттермен танысып, олардың қыр-сырына қанықса, екінші бөлім кішкентай оқырмандарын табиғат таңғажайыптарымен таңдандырады. Үшінші бөлім, аты айтып тұрғандай, балдырғандарды салауатты өмір салтын ұстана спортқа бейім болып, шынығып, шыңдалып өсуге құлшындыратын танымдық өлеңдерден тұрады.

Балалардың жанына жақын, көлемі шағын, ұйқастары шымыр туындылар оқушылардың көкейіне қонымды, тез жаттап алуға оңай.



Қалиұлы С. Менің елім. - Алматы: "Массaget 21". 2019. - 200 бет.

Қазақ балалар әдебиетінің сарбаз-сардары, Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, ақын Сұлтан Қалиұлының «Менің елім» атты бұл кітабына оның өлең-тақпақтары, жұмбақ-жаңылтпаштары, «Алдар мен шайтан», «Сауық» поэмалары мен т.б. шығармалары еніп отыр.

Қаламгер ұтымды да ұтқыр, ойнақы да ойлы өлең ұйқасының иірімдерімен бала жанын баурай түсіп, оларды отансүйгіштік, еңбекқорлық, батылдық пен батырлық, адалдық, адамдық жолына бастайды.


Сарай Ә.


Шығармалары. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019.

III том. Теңіз сарыны: роман-дилогия. - 496 бет.

Әнес Сарай - өмір суреттеріне толы әдемі-әдемі көркем әңгіме, повестерімен оқушы жұртты өзіне қаратқан жазушы. Оның 17 томдық шығармалар жинағының I және II томдарын әңгіме-повестері құраса, III томға «Теңіз сарыны» роман-дилогиясы енді.


Роман екі кітаптан тұрады. Шығарманың негізгі өзегі - соғыс жылдарындағы тыл өмірі, Сталинград майданымен шекаралас жатқан балықшы ауылдардың соғыс жылдарындағы тірлігі. Сталинград губерниясына қарасты бір шоқ қазақ ауылы осынау майдан тірлігін бастан кешірді. Роман сюжеті осынысымен де қызық, қазақ тұрмысынан оқшау тірлігімен әрі дара, әрі тың. Қаламгер майдан іргесіндегі «Қызыл балықшы» колхозының тірлігін, ауылдағы оқиғалар мен адамдар қарекеті, мінез-құлықтарын айшықты бояулармен көркем бейнелейді.






Мұқан А. Театрда туған толғамдар. Зерттеулер, мақалалар, рецензиялар. - Алматы: «Балауса баспасы», 2019 - 386 бет.

Театр өнеріне ерекше көңіл бөліп келе жатқан ғалым, ұстаз, қоғам қайраткері, өнертанушы автордың үш бөлімнен тұратын жаңа жинағына енген еңбектерінде қазақ театрының тарихына, теориялық мәселелеріне байланысты зерттеулері, проблемалық мақалалары, түрлі деңгейдегі театр мерекелерінен алған әсерлерімен туындаған ой-пікірлері жан- жақты тұжырымдалады.



Лаумулин М.Т. Әлемдік ориенталистикадағы Қазақстан: Шетелдік шығыстанудағы қазақтардың тарихын, мәдениетін және этнографиясын зерттеу. -Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2019. - 472 б.

«Әлемдік ориенталистикадағы Қазақстан тарихы және Орталық Азия» деп аталатын (Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған) бұл ғылыми жұмыс - IV томдық монографияның кеңірек қамтылып, толықтырылып, қайта басылған, Қазақстанның тарихын, мәдениетін, этнографиясын және тіл білімін «батыс шығыстануындағы қазақтардың тарихы мен этнографиясын зерттеу» мақсатында жазылған өзектілігі жоғары еңбек.




Қабанбай М.

Арыстан, мен, виолончель және қасапхана. /Марат Қабанбай. - Алматы: "Таймас" баспа үйі. 2019.- 240 бет.

Қазақ әдебиетінде өзіндік өрнек, ой иірімдері бар Марат Қабанбайдың бұл кітабы «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана», «Туған жердің төрт мезгілі» атты повестерінің басын құрайды.


Жазушы әрбір шығармасының шырай-шұрымын өмірдің өз өзегінен ала отырып, қарапайым да қалжың ойлы тіл әспетімен оқырман жүрегіне кеңінен жеткізе біледі. Оның оқырманға айтар ойы, алға ұстаған ұстанымы - жақсылық атаулының асқар шыңы - адамгершілік, ақиқатшылдық. Осы тұрғысында толғаған ой, түйген түйінін Асан, Самат сынды кейіпкерлер бойынан табасыз.



Бияров Т.

Өнегелі өмір /ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. - Алматы: Қазақ университеті, 2019. - 356 б.


Бұл кітап ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор Төлеухан Бияровтың 70 жылдық мерейтойына орай шықты. Оған қазақстандық кибернетика мектебін қалыптастырған ғалымның сүбелі зерттеулері, жүрегін жарып шыққан жырлары, мұрағат құжаттары мен фотосуреттері енгізілді. Сонымен қатар абзал азаматтың отандық білім мен ғылымға қосқан үлесін, адами болмыс - бітімін танытатын әріптестері мен шәкірттерінің, дос-жарандары мен жақындарының жүрекжарды лебіздері жинақталды.



Смағұлова С.


Ашаршылық қасіреті /С.Смағұлова. 1-кітап. - Алматы: «Елтаным баспасы», 2019. - 272 бет.

Монографиялық еңбекте мұрағат материалдары мен ғылыми зерттеу, баспасөз материалдары негізінде қазақ жерінде ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың 20 жылдарына дейінгі аралықтарда болған түрлі жұттар мен ашаршылықтар жайлы айтылады. Автор осы кезеңдердегі қазақ қоғамындағы саяси жағдайларға, 1921-1922 жж. аштықтың шығу себебі мен салдарына, аштықпен күрес барысындағы үкіметтің жүргізген іс-шаралары мен қазақ зиялыларының, шетелдік ұйымдардың аштықты ауыздықтаудағы қызметіне жан-жақты тоқталады.



Рахмадиев Е. Бала ғашық. Әндер, романстар. – Алматы: Sansam, 2019. - 328 бет.


Бұл еңбек "Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл саясаты комитеті "Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру" бағдарламасы "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату" кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді".



Обаев Е. «Бәрі... бәрі... есімде» Эсселер. Баспаға әзірлеген Н.Ораз. - Алматы: «Балауса баспасы», 2019. - 232 бет.

Сексенге таяп қалған ақсақал бір сәт демін басып, жүріп өткен жолына бұрылып қарап, мен өзі не тындырдым, туған еліме қандай шапағатым тиді, кейінгі жас ұрпаққа қандай өнеге қалдырдым деп, терең ойға шомады екен...


Оқырман елімізге жақсы танымал, театр өнері саласының ардагері, қадірменді ұстаз-тәлімгер, қазақ сахна өнерінің қалыптасуына, биік белестерге көтерілуіне зор еңбек сіңірген автордың - актер, театр режиссері, өнер қайраткері, профессор, Қазақстанның халық әртісі, «Бас Платинды Тарлан» сыйлығының лауреаты, «Барыс», «Парасат» ордендерінің иегері Есмұхан Обаевтың аталмыш кітабына енген әңгіме-эсселерін оқи отырып, осынау сұрақтардың жауабын таба алатындығына сенеміз.



Токсанбай Қ.

Сыр-сымбат. Топтама. - Алматы: «Балауса баспасы», 2019 - 534 бет.

Белгілі журналист, Қазақстанның мәдениет қайраткері Карашаш Токсанбайдың бұл жинағына автордың әр жылдары «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген, кезінде оқырмандардың көңілінен шыққан таңдаулы мақалалары, сұхбаттары мен іссапар жазбалары енгізілді.




Абай: өлеңдер. - Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2019. - 224 б.

«Қазақ поэзиясының, інжу-маржандары» топтамасының алғашқы кітабына халқымыздың ұлы ойшыл ақыны Абай Құнанбайұлының асыл мұрасының ең терең, ең көркем бөлігін құрайтын өлеңдері топтастырылды.




Ілияс Жансүгіров: өлеңдер, поэмалар. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. - 224 б.

«Қазақ поэзиясының інжу-маржандары» топтамасының бұл кітабына «Қазақ поэзиясының Құлагері» атанған Ілияс Жансүгіровтің таңдамалы өлеңдері мен поэмалары енгізілді.




Шәкәрім: өлеңдер, поэмалар. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. - 224 б.

«Қазақ поэзиясының інжу-маржандары» топтамасының бұл кітабына аса көрнекті ойшыл ақын Шәкәрім Кұдайбердіұлының таңдаулы өлеңдері мен поэмалары енгізілді.




Қасым Аманжолов: өлеңдер, поэма. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. - 224 б.

«Қазақ поэзиясының інжу-маржандары» топтамасының бұл кітабына дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың таңдамалы лирикалық шығармалары, поэмасы енгізілді.



Жұбан Молдағалиев: өлеңдер, поэмалар. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. - 224 б.

«Қазақ поэзиясының інжу-маржандары» топтамасының бұл кітабына XX ғасырдағы қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің бірі Жұбан Молдағалиевтың таңдамалы өлеңдері мен поэмалары енгізілді.




Тұманбай Молдағалиев: өлеңдер. - Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 224б.


«Қазақ поэзиясының інжу-маржандары» топтамасының, бұл кітабына тамаша лирик ақын Тұманбай Молдағалиевтің таңдамалы өлеңдері енгізілді.




Жүмекен Нәжімеденов: өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 224 б.
«Қазақ поэзиясының інжу-маржандары» топтамасының бұл кітабына терең де ойшыл ақын Жүмекен Нәжімеденовтің таңдамалы өлеңдері енгізілді.




Олжас Сүлейменов: өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. - 224 б.
«Қазақ поэзиясының інжу-маржандары» топтамасының бұл кітабына қайраткер ақын Олжас Сүлейменовтің таңдамалы өлеңдері енгізілді.



Мұқағали Мақатаев: өлеңдер. – Нұр-Сұлтан : Фолиант, 2019. - 224 б.
«Қазақ поэзиясының інжу-маржандары» топтамасының бұл кітабына ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың ең таңдаулы өлеңдері енгізілді.




Фариза Оңғарсынова: өлеңдер. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. – 224 б.
«Қазақ поэзиясының інжу-маржандары» топтамасының бұл кітабына халқымыздың аяулы ақын қызы Фариза Оңғарсынованың таңдамалы өлеңдері енгізілді.




Мағжан: өлеңдер, поэма. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2019. - 224 б.

«Қазақ поэзиясының інжу-маржандары» топтамасының бұл кітабына Алаштың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев поэзиясының аса көркем лирикалық шығармалары мен «Батыр Баян» поэмасы енгізілді.



Адамбаев Б. Шешендік өнер / Б. Адамбаев - Алматы: «Білім» баспасы, 2019.-216.


Белгілі ғалым, жазушы Балтабай Адамбаев жазып қалдырып кеткен бұл еңбек сөз өнеріміздің ең бір арқалы да көпшіл жанры – шешендік сөздерге арналған. Автордың зерттеулері осынау жанрдың рухани мәдениетімізде алар орынын байсалды ғылыми тұжырымдармен ашып көрсетумен бірге, қазақ шешендерінің өмірі мен өнері туралы, олардың ғұмыр кешкен заманы жайында тың дерек-мағлұматтар береді.



Нұрпейс Ә. Шығармалары /Ә. Нұрпейс. 1-том. Күткен күн (Курляндия): роман. - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2019. - 500 б.

Аса көрнекті жазушы Әбді-Жәмил Нұрпейс биылғы жылы торқалы 95 жасқа толады. Осыған орай қаламгердің жеті томдық шығармалар жинағы бірінші рет жарық көріп отыр.

Шығармалар жинағының бірінші томына Ә.Нұрпейстің жазушылық жолының бастауы болып саналатын «Күткен күн» (Курляндия) романы енгізілді.




Нұрпейс Ә.

Шығармалары /Ә. Нұрпейс. 2-том. Қан мен тер: роман. Ымырт. Бірінші кітап - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2019. - 392 б.


Жазушы Әбді-Жәмил Нұрпейстің «Қан мен тер» романы дүниежүзі халықтарының көптеген тілдеріне аударылды.

Жеті томдық шығармалар жинағының екінші томына «Қан мен тер» трилогиясының бірінші кітабы — «Ымырт» романы енді. Сонымен қатар, бұл томға жазушы шеберлігі хақындағы шетел және өз қаламгерлеріміздің пікірлері еніп отыр.




Нұрпейс Ә. Шығармалары. / Ә. Нұрпейс. 3-том. Қан мен тер: роман. Сергелдең. Екінші кітап - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2019. - 392 б.

Жазушы Әбді-Жәмил Нұрпейстің шығармалар жинағының үшінші томына «Қан мен тер» трилогиясының екінші кітабы - «Сергелдең» романы және автордың каламгерлік қуаты мен азаматтық болмысы туралы баяндайтын шетелдің, өз еліміздің әдебиетшілерінің мақалалары енген.



Нұрпейс Ә. Шығармалары. / Ә. Нұрпейс. 4-том. Қан мен тер: роман. Күйреу. Үшінші кітап - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2019.-384 б.


Жазушы Әбді-Жәмил Нұрпейстің жеті томдық шығармалар жинағының төртінші томына «Қан мен тер» трилогиясының үшінші кітабы - «Күйреу» романы және белгілі тұлғалардың жазушы өмірі мен шығармашылығы хақындағы ой-пікірлері берілді.



Нурпеис А. Сочинения /А. Нурпеис. Том 5. И был день... И была ночь...: роман-диалогия. И был день. Книга первая - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2019. - 384 с.

«И был день... И была ночь...» - роман в двух книгах. Над этим романом-диалогией крупнейший прозаик современности, лауреат Государственной премии СССР Абди-Жамил Нурпеис проработал без малого четверть века. Это глубоко реалистичное полотно, философское осмысление поистине неохватной трагедии народа - гибели Арала.


В пятый том собрания сочинений включена книга первая «И был день...». Авторизованный перевод с казахского Герольда Бельгера и Анатолия Кима.



Нурпеис А. Сочинения /А. Нурпеис. Том 6. И был день... И была ночь...: роман-диалогия. И была ночь... Книга вторая - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2019. - 304 с.

В шестой том собрания сочинений Абди-Жамил Нурпеиса включена вторая книга романа-диалогии «И был день... И была ночь...», называемая «И была ночь...». Авторизованный перевод с казахского Анатолия Кима.

Вместе с тем в эту книгу включены статьи современников.



Нурпеис А. Сочинения /А. Нурпеис. Том 7. Возвышая наши святыни: эссе. - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2019. - 336 с.


В седьмой том собрания сочинений Абди-Жамила Нурпеиса вошли доклады, эссе разных лет, опубликованные в периодической печати. Проникнутые гражданским пафосом, чувством ответственности за происходящее, эти произведения раскрывают еще одну грань незаурядной личности большого писателя.



Первые этнографы Казахстана. Алматы: «Білім», 2019. - 200 с.

Сборник включает очерки известных исследователей о первых этнографах Казахстана. Написан в живой, занимательной форме.

Библиотеки национальных академий наук: проблемы функционирования, тенденции развития: науч.-практ. и теорет. сб. / НАН Украины, Нац. б-ка Украины им. В.И. Вернадского, МААН, Совет директоров науч. б-к и информ. центров: редкол.: А. Онищенко (пред.) [и др.]. - Киев, 2018. - Вып. 16. - 240 с.



Авторы статей данного выпуска, опираясь на итоги проведенных исследований, а также практический опыт реализации научных проектов, обобщают достижения коллективов академических библиотек в различных сферах библиотечной деятельности. Большое внимание уделено теоретическому обоснованию и практике инновационных преобразований в библиотеках, специфике внедрения новых информационных технологий. В научных статьях рассматриваются пути совершенствования кадровой политики и проблемы подготовки специалистов библиотечной профессии. Традиционно большой раздел посвящен современным проблемам каталогизации и систематизации. Как и в предыдущих выпусках, в поле зрения авторов - вопросы истории библиотек и библиотечных собраний, просветительская деятельность библиотек и роль книги в пространстве культуры современного общества, а также правовые основы развития научной библиотеки в современных условиях. Особенностью этого выпуска сборника является вступительная статья академика НАН Украины А.С. Онищенко, посвященная 100-летию Национальной библиотеки Украины имени В. И. Вернадского.

Еркимбеков С. «Оркестровка оперы М. Тулебаева «Қозы Көрпеш-Баян сұлу». Еркимбеков С. /Алматы: ТОО «ИИЦ «Азия Арна», 2019. - 360 с.

Данное издание является оркестровкой неоконченной оперы «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» выдающегося казахского композитора, Народного артиста СССР, лауреата Государственной премии КазССР М. Тулебаева.

Благодаря исследовательскому труду известного музыковеда и теоретика, заслуженного деятеля РК, профессора Н.С. Кетегеновой, нашедшей, сохранившей и инициировавшей возрождение почти утерянного этого неизвестного произведения М. Тулебаева, не успевшего закончить одно из последних своих талантливых творений, появилась в свет эта партитура в оркестровке композитора, заслуженного деятеля РК С. Еркимбекова.

Сохранение и бережное отношение к духовному наследию золотого фонда музыкального искусства страны является важным моментом культурной политики государства, её приоритетом и одними из основных направлений развития культуры и искусства РК.

